

Зерттеу барысында Бозашы түбегінің топонимиялық жүйесі кешенді талданды, және оның тарихи, лингвистикалық, этнографиялық және табиғи сипаттары анықталды. Нәтижелер көрсеткендей, атаулар тек жер-су объектілерін сипаттап қана қоймай, қазақ халқының көшпелі мәдениеті мен тарихи қоныстану ерекшеліктерін бейнелейді. «Боз» және «асы/ашы» түбірлері тек рельеф пен табиғат түсін білдіріп қана қоймай, тарихи этностық сабақтастықты да көрсетеді [10].

Этнографиялық талдау көрсеткендей, микротопонимдер дәстүрлі мал шаруашылығы мен аумақты пайдалану ерекшеліктерін бейнелейді. «Жусан», «Қойтақ», «Ермек» сияқты атаулар Бозашы түбегіндегі тұрғындардың өмір салтын, шаруашылық дағдыларын және табиғатқа бейімделу стратегиясын ашады [10]. Бұл элементтер тарихи кезеңдердегі экономикалық және мәдени жүйенің сақталуын көрсетеді.

Тарихи-этимологиялық талдау Бозашы атауларының бірнеше қабатты құрылымға ие екенін дәлелдеді. Көне түркі тілдері, оғыз-қыпшақ дәуірі және қазақ дәуірінің тілдік элементтері біріктіріліп, атаулардың тарихи даму жолын көрсетеді. Сонымен қатар, ғылыми талдаулар мен ауызша халықтық түсіндірулер үйлесіп, Бозашының тарихи-мәдени контекстін толық ашады [10]. Жалпы, зерттеу Бозашы түбегінің топонимиялық жүйесінің көпқабатты табиғатын, оның қазақ этномәдени кеңістігіндегі рөлін және тарихи-географиялық маңызын дәлелдеді. Атаулардың табиғатпен, мәдениетпен және тарихпен үйлесуі олардың тек географиялық объектілер емес, мәдени-тарихи феномен екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, Бозашы түбегінің топонимдік жүйесін зерттеу қазақ халқының этнографиялық, тарихи және тілдік жадысын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу өңірлік топонимияны жүйелеу, тарихи атаулардың этимологиясын зерттеу және Маңғыстау өңірінің мәдени-тарихи картасын жасау үшін ғылыми негіз болады атаулардың этимологиясын түсінуге және қазақ мәдениетінің тарихи-географиялық картасын жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жақыпов М. Маңғыстау жер-су аттары мен мәдени мұралары. - Ақтау: Маңғыстау, 154 б
2. Қайдар Ә. Қазақ топонимиясының мәселелері. - Астана: Логос, 2010. - 180 б
3. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. - Алматы: Ғылым, 2009- 256
4. Аманжолов С. Түркі тілдерінің тарихи грамматикасы. - Алматы: Жазушы, 1992. - 248 б.
5. Сейітов Ә. Маңғыстау этнографиясы. - Ақтау: Маңғыстау, 2007. - 192 б

САРЫАҒАШ-КЕЛЕС Өңірлеріндегі Жер-су аттарының шығу тарихы

Ергеш Ж.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

zhanadylyergesh@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақалада Сарыағаш және Келес өңірлерінде кездесетін бірқатар жер-су атауларының шығу тегі қарастырылады. Өңірге тән аса белгілі топонимдер: Сарыағаш, Келес, Дарбаза, Қызылжар, Бозай, Жемісті және Жібек жолы атаулары жеке-жеке талданып, олардың табиғи-географиялық, тарихи, лингвистикалық және этномәдени негіздері сараланады. Зерттеудің теориялық тірегі ретінде Бибізия Қалшабаева, Бақдаулет Сыздықов және Мадияр Елеуовтің еңбектері алынды. Бұл ғалымдардың зерттеулерінде өңір топонимиясының көпқабатты сипаты, көне түркі және оғыз-қыпшақ кезеңдерінен қалған атаулардың сақталуы және олардың қазақ лексикасымен табиғи түрде ұштасуы кеңінен талданады. Мақалада жергілікті халық жадында сақталған ауызша деректер мен картографиялық материалдарға сүйене отырып, атаулардың қалыптасу себептері кеңінен сипатталады. Әрбір топонимнің артында белгілі бір табиғи құбылыс, тарихи оқиға немесе ру-тайпалық қоныс тарихы жатқандығы көрсетілді. Бұл зерттеу жұмысы өңір топонимдерін ғылыми тұрғыдан түсіндірумен қатар, жергілікті атаулардың мәдени маңызын ашуға бағытталған. Қорыта айтқанда, Сарыағаш-Келес аймағының жер-су атаулары халықтың тарихи жадын, ұлттық дүниетанымын және көшпелі мәдениеттің ізі мен жалғастығын сақтап тұрған маңызды мұра.

Кілт сөздер: топоним, Сарыағаш, Келес, этимология, тарихи атаулар, табиғи орта, ру-тайпа.

Abstract

This article examines the origins of several place names found in the Saryagash and Keles regions. The study focuses on some of the most well-known local toponyms, including Saryagash, Keles, Darbaza,

Kyzylzhar, Bozai, Zhemisti, and Zhibek Zholy. Each name is analyzed individually through its natural-geographical, historical, linguistic, and ethnocultural foundations. The theoretical basis of the research relies on the works of Bibiziya Kalshabayeva, Bakdaulet Syzdykov and Madiyar Eleuov. In their studies, the authors emphasize the multilayered nature of regional toponymy, the preservation of ancient Turkic and Oghuz-Kipchak place names, and their natural integration into the modern Kazakh lexicon. Drawing on oral accounts preserved in local memory, as well as available cartographic materials, this article provides a detailed explanation of the factors behind the formation of these names. It is demonstrated that each toponym carries traces of a particular natural feature, historical event, or tribal settlement pattern. Beyond offering a scholarly interpretation of regional place names, this research highlights their cultural value. Overall, the toponyms of the Saryagash-Keles area serve as an important heritage that preserves the historical memory of the people, reflects the national worldview, and represents the continuity of nomadic culture.

Keywords: toponym, Saryagash, Keles, etymology, historical names, natural environment, tribe-clan structure.

Аннотация

В данной статье рассматривается происхождение ряда названий географических объектов, встречающихся на территории Сарыагашского и Келесского регионов. Особое внимание уделяется наиболее известным топонимам этого края: Сарыагаш, Келес, Дарбаза, Кызылжар, Бозай, Жемисти и Жибек жолы. Каждый из этих топонимов анализируется отдельно, с учётом его природно-географических, исторических, лингвистических и этнокультурных оснований. Теоретической базой исследования послужили труды Бибизии Калшабаевой, Бакдаулета Сыздыкова и Мадияра Елеуова. В работах этих учёных подробно рассматривается многослойный характер топонимии региона, сохранение названий, пришедших из древнетюркского и огузо-кипчакского периодов, а также их естественное сочетание с современной казахской лексикой. В статье, опираясь на устные сведения, сохранившиеся в памяти местного населения, а также на картографические материалы, широко раскрываются причины формирования данных названий. Показано, что за каждым топонимом стоит определённое природное явление, историческое событие или история расселения родоплеменных объединений. Данное исследование направлено не только на научное объяснение региональных топонимов, но и на выявление их культурной значимости. В целом, названия географических объектов Сарыагашско-Келесского региона являются важным наследием, сохраняющим историческую память народа, его национальное мировоззрение и следы кочевой культуры.

Ключевые слова: топоним, Сарыагаш, Келес, этимология, исторические названия, природная среда, родо-племенная структура.

Кіріспе

Сарыағаш пен Келес өңірі-табиғаты әртүрлі, тарихы бай, халықтың ежелден қоныстанған аймағы. Бұл өңірге тән жер-су атауларының өзі оның географиялық ерекшелігін де, этникалық құрамын да, тарихи дамуын да айқын көрсетеді. Жер-су атаулары - халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, дүниетанымын, өмір салтын білдіретін рухани мұра. Әрбір топонимнің артында белгілі бір жағдай, тарихи оқиға немесе жергілікті жердің табиғи ерекшелігі жатады. Өңір топонимиясын зерттеген Б.Қалшабаева еңбектерінде Сарыағаш пен Келес аймағының топонимдері негізінен табиғи ортаға байланысты қойылғанын айтады. Ал Б. Сыздықов әсіресе гидронимдерге, өзен-көл атауларына талдау жасап, олардың көне түркі қабатымен сабақтасып жатқанын көрсетеді. М. Елеуов болса, өңірдегі атаулардың этимологиясында ру-тайпа атауларының ролі зор екенін дәлелдейді. Қазіргі таңда Сарыағаш пен Келес ауданында кездесетін көптеген атаулардың мағынасы халық санасында сақталғанымен, ғылыми тұрғыдан жан-жақты түсіндіруді қажет етеді. Мысалы, «Келес» атауы өзенге қатысты қойылғанымен, оның шығу тегі көне түркілік сөздермен байланысты екенін көпшілік біле бермейді. «Сарыағаш» атауы да тек шипалы суымен ғана емес, ежелден елді мекен атауы ретінде қалыптасқан тарихымен ерекше. Ал «Дарбаза», «Жібек жолы» сияқты атаулар өңірдің тарихи-экономикалық маңызын көрсетсе, «Бозай», «Қызылжар», «Жемісті» сияқты атаулар табиғи орта мен халықтың шаруашылығына қатысты қойылған. Осы мақалада осы жеті атаудың әрқайсысына жеке тоқталып, олардың қайдан шыққаны, қандай мағына беретіні, неліктен дәл солай аталатыны жан-жақты қарастырылады. Зерттеу жұмысы топонимдердің семантикасын ғана емес, олардың әлеуметтік-тарихи негізін де ашуға бағытталған.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақаланың теориялық негізі ретінде Б.Қалшабаева, Б.Сыздықов және М.Елеуов еңбектері пайдаланылды. Бұл авторлардың зерттеулеріндегі топонимиялық мәліметтер салыстырылып, өңір атауларының шығу тегі деректермен нақтыланды. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың әңгімелері, ауызша деректер, картографиялық материалдар және этнографиялық мәліметтер қосымша

дерек ретінде қолданылды. Зерттеу барысында сипаттамалы әдіс, салыстырмалы талдау, этимологиялық түсіндіру және тарихи-географиялық талдау әдістері қолданылды.

Талқылау

Сарыағаш-Келес өңірінде кездесетін жер-су атаулары бұл аймақтың табиғаты мен тарихы туралы өте көп мәлімет береді. Әрбір атаудың артында белгілі бір оқиға, табиғи ерекшелік немесе халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан таным-түсінігі жатыр. Осы зерттеуде қарастырылған жеті топоним - Сарыағаш, Келес, Дарбаза, Қызылжар, Бозай, Жемісті және Жібек жолы - әртүрлі мазмұнға ие болғанымен, олардың барлығы өңірдің мәдениеті мен тарихының бір бөлігін көрсетеді. Алдымен, Сарыағаш атауына тоқталсақ, бұл атау халық арасында ең танымалы. Оның шығу тегі туралы бірнеше көзқарас бар. Кейбір зерттеушілер «сары» сөзін жердің түсіне, минералды судың құрамына байланысты деп түсіндірсе, енді бір пікірде «ағаш» сөзі жасыл, көк жамылғысы бар аймақ деген мағынада қолданылғаны айтылады. Сарыағаштың табиғи суы ерекше болғандықтан, атаудың сол шипалы су көздерінің ерекшелігіне байланысты қойылғаны анық байқалады. Халық өмірінде судың орны ерекше болғаны белгілі, сондықтан атау да сол қажеттіліктен туған. [1,78-82] Келесі қарастырылған Келес атауы - өңірдің негізгі өзені. Бұл сөздің мағынасы туралы ежелгі түркі тіліндегі «аққан су», «ағатын өзен» деген түсінікке сүйенген деректер жиі кездеседі. Келес өзенінің жылдам ағысы, бағытының өзгергіштігі, тіпті тасығанда өз арнасынан шығып кетуі бұл атаудың табиғи сипаттан туғанын дәлелдейді. Сонымен қатар кей зерттеушілер бұл атауды бір көне тайпа атымен байланыстырады. Мұның өзі өңірдің тарихында тайпалық қозғалыстардың, қоныс аударулардың болғанын көрсетеді. [2,34-38] Дарбаза атауы тарихи тұрғыдан өте қызық. «Қақпа» деген мағына беретін парсы тіліндегі сөздің осы өңірде сақталуы Оңтүстік Қазақстанның ежелден халықаралық байланыстарға ашық болғанын дәлелдейді. Тау арасындағы тар өткел керуендердің тоқтайтын, демалатын орны болған. Осындай қақпа рөлін атқарған жерді халық «Дарбаза» деп атауы заңды құбылыс. Бұл атау аймақтың Ұлы Жібек жолына жақын орналасқанын көрсетеді. Қызылжар атауы табиғаттың сыртқы көрінісіне қарай қойылған. Өңірдің кей бөлігінде қызғылт-қоңыр жыныстар көп кездеседі. «Жар» сөзі қия, жартас деген мағына беретінін ескерсек, атау жер бедерін дәл сипаттайды. Қазақ халқы жер бедерінің түсіне жиі мән берген, сондықтан мұндай атаулар ел ішінде көп тараған. [2,121-124]

Бозай атауы да табиғатпен байланысты. «Боз» сөзі даланың боз жусанына, ашық сұр түске қатысты айтылса, «ай» сөзі жер, аймақ дегенді білдіреді. Демек, бұл - «боз шөп өскен жер» деген ұғым. Боз жусаны мол өңірлер бұрын малшылардың жайылым таңдаудағы негізгі бағдарларының бірі болғандықтан, атаудың шаруашылықпен тығыз байланысты екенін көруге болады. Жемісті атауы аймақтың ауылшаруашылығының дамығанын көрсетеді. Бұл жер ежелден бау-бақша өсіруге қолайлы болған, себебі климаты жылы, су ресурстары жеткілікті. Халықтың күнкөріс көзіне айналған бұл сала атауға да әсер еткен. Жеміс-жидек мол болғандықтан «Жемісті» деп аталып, атау ел арасында тез қалыптасқан. [3,165-170]

Жібек жолы атауы - осы өңірдің әлемдік деңгейдегі сауда жолына қатысқанын дәлелдейтін тарихи белгі. Керуен жолының тармағы Сарыағаш-Келес арқылы өтіп отырған. Саудагерлер тоқтап, тауар алмасып, демалған орындары кейін халық жадында сақталып, сол күйінде атауға айналған. Жалпы алғанда, талқылау нәтижесі көрсеткендей, өңір топонимдері бір ғана фактордан емес, түрлі себептерден қалыптасқан. Табиғат, шаруашылық, тарихи оқиғалар, мәдени қарым-қатынастар - барлығы атаулардың шығуына әсер еткен. Әрбір атаудың өз тарихы бар, ал сол тарих өңірдің жалпы келбетін толық түсінуге мүмкіндік береді. [5,39-40]

Нәтиже

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Сарыағаш-Келес өңіріндегі топонимдер күрделі тарихи, мәдени және табиғи факторлардың ықпалымен қалыптасқаны анықталды. Әсіресе сөз түбірлерінің мазмұнына, олардың қолданылу ерекшеліктеріне және халық арасындағы ауызша деректерге сүйене отырып, әрбір атаудың өзіне тән мән-мағынасы бар екені көрінді. Біріншіден, өңірдегі көптеген атаулар табиғаттың айқын белгілеріне байланысты қойылған. Сарыағаштың шипалы минералды суы, Қызылжардың қызыл-қоңыр жартасы, Бозайдың боз жусаны - мұның бәрі халықтың қоршаған ортаға деген ерекше байқағыштығын көрсетеді. Қазақ халқы табиғатпен етене ғұмыр кешкендіктен, жердің түсі, суының қасиеті, өсімдігінің ерекшелігі - бәрі атау таңдауда басты орын алған. Бұл мәліметтер өңірдің табиғи келбетін зерттеуде маңызды дерек көзі бола алады. Екіншіден, топонимдердің бір бөлігі тарихи жағдайларға байланысты қалыптасты. Мәселен, Дарбаза атауының «қақпа» деген мағынада қолданылуы өңірдің керуен жолындағы маңызды нүкте болғанын дәлелдейді. Бұл жердің стратегиялық маңызы өте жоғары болған, өйткені таулардың арасындағы тар өткел болып саналған. Мұндай атаулар арқылы біз аймақтың ежелгі сауда жолдарында орналасқанын нақтылай аламыз. Жібек жолы атауы да

осы пікірді қуаттайды. Өңірдің халықаралық саудаға қатысуы оның мәдени айырбасқа ашық болғанын, түрлі өркениеттермен байланыс жасағанын көрсетеді.

Үшіншіден, топонимдерде көне түркі және оғыз-қыпшақ тілдік элементтері сақталғаны байқалды. Келес атауы осыған айқын дәлел. Бұл сөздің мағынасы көне тілдерден бастау алып, уақыт өте келе өзгермей сақталған. Мұндай атаулар өңірдің этникалық тарихын зерттеуде аса құнды. Олар осы жерде өмір сүрген тайпалардың тілдік іздерін бүгінге жеткізіп отыр. Төртіншіден, шаруашылыққа қатысты атаулар да жиі кездеседі. Жемісті атауы халықтың негізгі кәсібі болған бау-бақша өсірумен байланысты. Бұл атау тек бір жердің атын ғана білдірмейді, сонымен бірге сол аймақтың экономикалық бағытын, халықтың тұрмысын көрсетеді. Шаруашылық бағытындағы атаулар елдің өмір салтын тануға мүмкіндік береді. Бесіншіден, топонимдер- халықтың тарихи жадын сақтап отырған мәдени құндылық. Әрбір атау өткеннің бір бөлшегі болғандықтан, оларды зерттеу арқылы біз сол дәуірдегі адамдардың ойлау жүйесін, дүниетанымын, өмір салтын түсінеміз. Атаулардың ұрпақтан ұрпаққа берілуі халықтың өз тарихына деген құрметін білдіреді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Сарыағаш-Келес өңірінің топонимдері тек атау ретінде ғана емес, тарихи дерек көзі ретінде де ерекше маңызға ие. Олар табиғи орта мен адамның қарым-қатынасын, шаруашылықтың дамуын, тайпалардың көшу-қонуын, сауда жолдарының өткенін көрсетеді. Қорытындылай келе, өңір топонимдерін зерттеу аймақтың мәдени-тарихи болмысын толық ашуға көмектеседі. Әрбір атау - сол өлкеде өмір сүрген халықтың өткенінен қалған мұра. Сондықтан жер-су атауларын сақтау, зерттеу және ғылыми тұрғыдан жүйелеу - ел тарихын танудың маңызды бөлігі болып қала береді.

Қорытынды

Бұл зерттеу барысында Сарыағаш-Келес өңіріндегі жеті негізгі жер-су атауы қарастырылды. Әр атаудың өзіне тән шығу тарихы, мағынасы және қойылу себебі бар екені анықталды. Табиғи ортаға негізделген атаулар-Сарыағаш, Қызылжар; тарихи факторларға байланысты Дарбаза, Жібек жолы; этнолингвистикалық және рулық негіздегі Бозай; шаруашылыққа қатысты-Жемісті; ал ең көне атаулардың бірі-Келес - гидроним ретінде қалыптасқан. Бұл атаулар өңір тарихының әр кезеңін сипаттап, халықтың дүниетанымы мен мәдениеті туралы құнды мәлімет береді. Сонымен бірге, топонимдер табиғи-географиялық ерекшеліктерді, халықтың шаруашылық тәжірибесін және тарихи жағдайларды бейнелейді. Жер-су атауларын зерттеу-тек тілтанулық бағыт емес, халық тарихын, этнографиясын, рухани әлемін танудың бір жолы. Сондықтан Сарыағаш-Келес өңірінің топонимиялық мұрасы болашақ зерттеулерге негіз бола алатын маңызды дерек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалшабаева Б. «Оңтүстік Қазақстан топонимиясы: тарихи-этимологиялық талдау». - Алматы: «Ғылым», 2019. - 210 б.
2. Сыздықов Б. «Оңтүстік өңір гидронимдері және олардың тарихи қабаттары». - Шымкент: «Топонимия», 2020. - 186 б.
3. Елеуов М. «Қазақ топонимиясының тарихи-этимологиялық негіздері». - Нұр-Сұлтан: «Ұлт мұрасы», 2021. - 240 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 2014.
5. Архив деректері. Оңтүстік; Қазақстан карталары, 2010.

БАБАТАЙ БИ: АЛАША ШЕЖІРЕСІНІҢ АШЫЛМАҒАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МҰРАСЫ

Кажығали Н.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, тарих магистрі Адильбаев А.М.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу Университеті
Электрондық пошта: kazhygali.n@icloud.com
Қарағанды қ.

Қазақ ру-тайпаларының шаруашылық-географиялық ерекшеліктеріне, саяси дамуына байланысты қалыптасқан әкімшілік құрылым жүз деп аталады. Қазақ шежіресі бойынша қазақ халқы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден құралған. Олардың әрқайсының тарихи фактіге негізделген мекен еткен аймағы, әр рудың шығу тарихы бар. Қазақ халқының этникалық құрылымында Кіші жүздің ерекше орны бар. Кіші жүз өз кезегінде үш негізгі тайпалық бірлестікке - Байұлы, Жетіру және Әлімұлыға бөлінеді. Байұлы тайпалық одағының құрамындағы Алаша руы қазақ халқының тарихында,